

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің №6 хаттамасы

31 мамыр 2024ж.

Ақтөбе қаласы

Қатысқандар – қамқоршылық кеңес мүшелері, өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ

1. «№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» директоры А.Кисикованың мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. А.Жолмаханова - қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде 2024 жылдың 02 мамырынан - 30 мамыр аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сезді мектеп директоры А.Кисиковаға берді.

СӨЙЛЕУШІ:















А.Кисикова - өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2-тармақшаларына сәйкес №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің кезектен тыс өткізілген №4 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 02 мамырынан - 31 мамыр аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелеріне тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратқандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үлгілі» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді.)

Шығып сөйлеушілер : Қамқоршылық кеңесінің мүшелері - Ақбаева Алия, Аленова Гулжан, Абдижапарова Лиза, Ахметжанов Шалкар мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын атап өтті. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Жолмаханова мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын атап өтті. Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып, қамқоршылық кеңесі шешім қабылдады.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кенес төрағасы  Жолмаханова А.
Хатшы  Елеусизова С.
Кенес мүшелері:  Акбаева Алия Таубаевна
 Курманова Алтынай Амангельдиевна
 Аленова Гулжан Урумбасаровна
 Токтагулов Анарбек Кабульжанович
 Абдижапарова Лиза
 Абдраханова Гулзат
 Рабаев Айдос Дуйсенович
 Жандарбекова Фарида Рустемовна
 Койшигулова Динара Максатовна
 Бошпанова Айгул Абжановна
 Сихова Умит Бакеновна
 Ахметжанов Шалкар Еркинович